

V. *Сабақты қорыту.*

VI. *Бағалау.*

VII. *Үй жұмысы. Жаңа сөздерді жаттау.*

Қорытынды

Қорытындылайтын болсақ, сабақта түрлі жаңа технологияларды пайдалану барысында тыңдаушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады. Оқытушылар да өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады.

Сабақтың танымдық, әдістемелік жағынан қызықты өтуі ұстаздың үнемі іздену, заманауи әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты болмақ.

Әдебиет:

1. А. Меңжанов «Педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі» Алматы, 1996 ж.
2. «Қазақ тілін үйренейік» №3, 2012, 12 – бет.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» № 6, 2011, 25 бет.
4. М.М. Жанпеисова. «Модульді оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде» А., 2002.
5. А.В. Петров «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». 2001.

ӘОЖ 81.371.2

ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Габдулина М.Г.

(п.ғ.к., доцент, М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, қазақ филологиясы кафедрасы,
Петропавл қ., gabdulina4915@mail.ru)

Аңдатпа

Нақты материалдар негізінде фразеологизмдердің грамматикалық ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – тұрақты сөз тіркестерінің морфологиялық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметін анықтау. Зерттеуде фразеологизмдердің құрылымы, морфологиялық ерекшеліктері және сөйлемдегі қызметі талданған. Зерттеу әдістері: сипаттама, компоненттік талдау, құрылымдық – семантикалық талдау. Зерттеу материалдарын қазіргі қазақ тілі курстарында пайдалануға болады.

Түйінді сөздер: тұрақты сөз тіркестері, құрылым, грамматикалық ерекшелік, сөйлем мүшелері, морфологиялық ерекшеліктері.

Аннотация

На основе фактического материала рассматриваются грамматические особенности фразеологизмов. Цель исследования – определить морфологические особенности и синтаксическую роль устойчивых словосочетаний. Определена структура, проанализированы морфологические особенности устойчивых словосочетаний и их роль в предложении.

Методы исследования: описательный, компонентный, структурно – семантический анализ. Результаты исследования могут быть использованы при изучении курса современного казахского языка.

Ключевые слова: устойчивые словосочетания, структура, грамматические особенности, члены предложения, морфологические особенности.

Annotation

The grammatical features of phraseological units are considered on the basis of the actual material. The objective of research is to define morphological features and a syntactic role of set phrases. The structure is defined and morphological features of set phrases and their role in the sentences are analysed.

The methods of research: descriptive, component, structural – semantic analysis. Results of a research can be used during the studying a course of modern Kazakh language.

Key words:: set phrases, structure, grammatical features, sentence parts, morphological features.

Кіріспе

Фразеологизмдер саласындағы өзекті мәселелер қатарына тұрақты сөз тіркестерінің грамматикалық ерекшеліктері жатады. Қазіргі тіл білімінде тұрақты сөз тіркестері әдетте лексика – семантикалық жағынан, көркем шығарма тілінде қолданылуы ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылып келеді. Соңғы кезде фразеологизмдердің грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты зерттеулер пайда бола бастады.

Қазіргі орыс тіліндегі фразеологизмдер жайында арнайы зерттеу жұмысын жасаған В.П. Жуков фразеологизмдердің сөйлем ішінде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш та бола алатын дәлелдейді. Орыс тілінде фразеологизмнің сөйлем мүшесі болуы жайлы Х.М. Сайкиев те фразеологизм сөйлемнің барлық мүшесі қызметін атқара алады деп, оның бастауыш қызметінде жұмсалыуына көбірек тоқталады. Профессор І. Кеңесбаев фразеологизмді сырт сикына қарап, яғни белгілі бір қосымшаларды бойына дарыту қалпына қарап, синтаксистік қызметі мен фразеологизмнің мағынасынан бойды аулақ сала талдасак, формал тұрғыдан еркін тіркесте болатын барлық белгілерді табуға болады деп айтқанымен, синтаксистік жағынан қарастырмайды.

Қазақ фразеологиясының мәселесімен шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізген, сол жайында еңбек жазған І. Кеңесбаев болса, С. Аманжолов фразеологиялық тіркестердің сөйлем мүшесіне қатысы жайлы, Н. Сауранбаев фразеологияға не жатады дегенге көңіл аударды. «Қазіргі қазақ тілі» оқулығына фразеология бөлімін енгізген Ғ. Мұсабаев та фразеологиялық ерекшеліктерге көп көңіл бөлген. К. Аханов өзінің «Тіл біліміне кіріспе» атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралының лексикология тарауында қазақ тілі фразеологиясын В.В. Виноградовтың жіктеуі бойынша топтаса, Р. Сәтенова тұрақты тіркестердің бір түріне жататын мақал – мәтелдердің тілдік ерекшеліктеріне тоқталады. Зерттеушілер жеке авторлар шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылуына да көп көңіл аударып, сөз таптарына жүйеледі, сөйлемдегі беретін мағынасына қарай топтады. Ә. Қайдаров пен Р. Жайсақова, А. Елешова қазақ фразеологизмдерін классификациялау мәселесіне көңіл аударды. Қазақ фразеологизмдерінің өзге тілдерде берілуі және өзге тілдердегі шығармаларды қазақ тіліне аударғандағы фразеологизмдердің берілу жайы тілші ғалымдар назарын аударды. Бұл ретте Ө. Айтбаевтың, К. Дүйсетаевтың зерттеу еңбектерін айтуға болады. Сондай – ақ осы жылдары қазақ және орыс тіліндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу жайын қолға ала бастады, көптеген зерттеу – мақалалар жарияланды.

Фразеологизмдердің сөйлем мүшесі ретінде жұмсалыуы жайлы қазақ тіл білімінде біраз айтылады. Х. Қожахметова тұрақты тіркес сөйлемнің барлық мүшесі бола алатынын мысалдармен дәлелдесе, Н. Қошанова тұрақты тіркестің сөйлем мүшесі болуы – сөйлем аясының кеңеюінің бір жолы деген тұжырымдама жасайды.

Тіліміздегі фразеологизмдерді тіл білімінің морфология мен синтаксис саласында зерттеу оның толық ашылмаған сан қырының бірі. Фразеологизмді зерттеуші ғалымдар назарынан тыс қалып келе жатқан тағы бір мәселе – олардың құрылымы, сөйлем ішіндегі қолдану ерекшеліктері, тұрақты сөз тіркестерінің сөйлемдегі қызметі [1].

Қазақ тілінен жинақталған материалдар фразеологизмдердің сыртқы құрылымы жағынан екі, үш, төрт, одан да көп сыңарлы болатынын және сөйлемге ұқсас болып кездесетіндерін көрсетеді. Тұрақты сөз тіркестерін құрылым жағынан қалыптарға

жүйелеп, зерттеу барысында оларды бірнеше топқа бөлдік: екі сыңарлы етістікті фразеологизмдер; үш сыңарлы етістікті фразеологизмдер; төрт және одан да көп сыңарлы етістікті фразеологизмдер. Теориялық еңбектер мен жинастырған материалдарымызды саралап, жүйелей отырып, төменде екі сыңарлы фразеологизмдерді мынадай топтарға біріктірдік: атау тұлғалы есім + етістік (басы қату), көсемше тұлғалы етістік + етістік (сасып қалу). Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің етістік тұлғасы соңғы сыңар ретінде қолданылады.

Келтірілген мысалдардан байқағанымыз, екі сыңарлы етістікті фразеологизмдердің қазақ тіліндегі «атау тұлғалы зат есім+етістік» типтес синтаксистік қалыбында келу құбылысы байқалады.

Үш сыңарлы етістікті фразеологизмдердің (төбесі көкке жету) құрамындағы негізгі қызметті атқарып тұрған басыңқы сыңардағы етістіктің, сол сияқты басқа да сыңарлардың лексика – грамматикалық ерекшеліктері – қазақ тіліне тәндігімен түсіндіріледі. Құрылымы: сын есім + зат есім + етістік. Мысалы: Үлкен іс бастау; қызыл кеңірдек болу; тақыр жерге отырғызу.

Жинастырған материалдарды құрылым – құрылысына қарай жүйелеу, саралау барысында етістікті фразеологизмдер құрамындағы сыңарларының саны екі сыңарлы фразеологизмдерден басталып, үш – төрт, алты – жеті сыңарға дейін баратынын көрдік. Лексикографиялық деректерге сүйене отырып, фразеологизмдердің құрылымының көп сыңарлы түрі қазақ тілінде екі сыңарлы фразеологизмдерге қарағанда сирек кездесетінін көреміз. Бұл қалыптағы етістікті фразеологизмдер сыңарлары грамматикалық құрылысы жағынан әр түрлі формада келсе де, жалпы мағынасына нұсқан келтірмейді.

Төрт сыңарлы етістікті фразеологизмдердің құрылымы: есімше + зат есім + зат есім + етістік, мысалы: тумаған сиырдың уызынан дәмету. Сын есім + зат есім + зат есім + етістік: Ақ түйенің қарны жарылды. Зат есім + етістік + зат есім + етістік: Ат мінгізіп, тон кигізді. Зат есім + зат есім + зат есім + етістік: Аспандағы айға қол созды.

Бес сыңарлы фразеологизмдер: зат есім + зат есім + зат есім + етістік: Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті. Сын есім + зат есім + сын есім + зат есім + етістік: Ақ теріні қара тері қылды.

Алты сыңарлы фразеологизмдер: зат есім + зат есім + етістік + зат есім + зат есім + етістік: Бетін жел қақпады, маңдайын күн шалмады. Зат есім + зат есім + шылау + зат есім + шылау + етістік: Басын тауға да, тасқа да соқты. Сын есім + сын есім + сын есім + сын есім + зат есім + етістік: Боз қасқа, ақ сары бас шалды. Үстеу + зат есім + үстеу + зат есім + етістік: Астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды.

Жеті сыңарлы етістікті фразеологизмдер: зат есім + етістік + зат есім + зат есім + етістік + зат есім + етістік. Зат есім + етістік + зат есім + зат есім + етістік + зат есім + етістік. Есіктен шықса тесіктен, тесіктен кетсе есіктен келеді. Сан есім + зат есім + зат есім + сан есім + зат есім + зат есім + етістік: Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Зат есім + сын есім + зат есім + етістік + сын есім + зат есім + етістік.

I. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде етістікті төрт сыңарлы фразеологизмдердің саны – 325; бес сыңарлылар 91; алты сыңарлылар 26; жеті сыңарлылар 10 және сегіз сыңарлылар 10 болып келеді, яғни етістікті фразеологизмдер ең көп кездесетін фразеологизмдер болып табылады [2].

Жинастырған материалдар қазақ тілінде екі, үш компонентті етістікті фразеологизмдердің молынан кездесетінін, ал компонент саны көбейген сайын фразеологизмдер саны азаятынын, яғни жеті – сегіз сыңарлы фразеологизмдер тілде сирек екенін көрсетеді.

Басқа сөздер сияқты тұрақты тіркестер де сөйлемде морфологиялық жағынан өзгеріске ұшырай отыра, сөйлем мүшелерінің ролінде жұмсалып отырады. Сын есім мен зат есім атау тұлғада тіркесіп келіп, сөйлемде тұрақты тіркесті бастауыш қызметін атқара отырып, сөйлемге айқын мағына бере түседі. Мысалы, Бағлан жігіт қырандай құйылып төнген сияқты.

Зат есімнің жасырын күйіндегі формасы қимыл етістігімен тіркесіп тұрақты тіркесті бастауыш ролінде қызмет атқарады [3]. Мысалы: Енді жұрт жаңғырту керек еді (М.Ә.).

Сыңарлары етістік пен зат есімді тұрақты тіркес бастауыш қызметінде келіп, сөйлемде орын таңдамай қолданыла береді. Мысалы: Мына жақтан жандарал келеді деген алып қашпа хабар да естілді (С.М.).

Сонымен қатар, тұрақты тіркестің бірінші сыңары ілік септігінде ашық және жасырын келіп, екінші сыңары тәуелдік жалғауында келген тұрақты тіркесті бастауыштарға мынадай мысал келтіруге болады. Мысалы: Қайда барса да, алдынан Қорқыттың көрі шығады.

Есім сөз тобы тұрақты тіркесті баяндауыш қызметінде жұмсалғанда өзіндік морфологиялық өзгерістерге ұшырап та, ұшырамай да сөйлемде әртүрлі жұмсалынады.

Соңғы сыңарлары зат есімнен болған тұрақты тіркесті баяндауыштар. Бұл сөз табынан болған есімді баяндауыш атау тұлғада келеді. Мысалы: Ол жанынан асқан дүние қоңыз. Төкен – осы үйдің бел баласы.

Осы баяндауыштың жатыс септік тұлғасында келуі мол кездеседі. Зат есімді тұрақты тіркесті баяндауыштың жатыс септігінде тұрақтануы байқалады. Мысалы: Айтқандарын істеп, тік тұрып күтіндер, бас жарылса бөрік ішінде.

Құрама тұрақты тіркесті баяндауыштардың бірінші сыңары зат есімнен, екінші сыңары көптік жалғаулы есімше тұлғада келеді. Бұл тұрақты тіркестердің көптік жалғаулы бастауышта келуіне қарағанда өте жиі кездесетін баяндауыштық тұлға болып саналады. Мысалы: Ажалдан бас тартпайтын өңкей бас кесерлер. Сан есімнің етістікпен тіркесіп келген құрама тұрақты тіркесті баяндауышқа мынадай мысал келтіруге болады. Мысалы: Мұндай тарихи жылқы тұқымы екі айналып келмейді. Өзі Абайдың қасынан екі елі айырылмайды.

Еліктеуіш сөз бен етістіктің тіркесуінен келген құрама тұрақты тіркесті баяндауыш басқа сөз таптарына қарағанда етістікпен аз тіркесіп келеді. Мысалы: Нұрғанымды білетін, Құнанбайға өш – кегі бардың бәрі де осы арада бүркіті түлкі болғандай мәз болысып, жымың қағысты (М.Ә.).

Тұрақты тіркесті толықтауыштар әдеттегі толықтауыштардай есімдердің, есімше қимыл есімдерінің септік жалғауларында келуі арқылы жасалады. Жалғаусыз тура толықтауыш: Уа, мына бәледен бас сауға сұраңдар, бас сауға (Ғ.М.).

Жалғаулы тұрақты тіркесті тура толықтауыш: зат есім мен зат есімнің қабыса байланысуы: Толғана келіп салмақпен айтылған «сіздер» есек дәмені сызып – сызып тастады. Өкесі Қазанғап та сондай өнерпаздарды ауылға жиі қонақ етіп, жаз жайлауды, қыс қыстауды думанға толтырар еді. Күн қабағын ол да ұнатпай, түнерген бұлтты аспанға қайта – қайта қарап тұрды (Ә.Н.).

Сын есіммен зат есімнің қабыса байланысуы: Зіл қара түнді жапсарынан сөге, таң сызаттап келеді.(Ғ.М.) Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алды (М.Ә.).

Сан есімнің зат есімнің тізбектеліп келуі: Көлденең шөп бір құлақ суды байлайды. Ұшын басып, шыр көбелек айнала жүгіріп, екі ауыз сөзді бөліп – бөліп зорға айтты (С.Л.).

Зат есім мен есімшенің тіркесі арқылы: өйткені ол әйтеуір бір мәңгілікке көз жұмарын ес білгеннен біледі (О.Б.). Сенің шөптің басын сындырмайтыныңды өзім де білемін (Ғ.М.).

Зат есім мен қимыл есімді тұрақты тіркестер арқылы: Оспан үй ішінің ала көлеңке болуын тосқан еді(М.Ә.). Бірақ қараушылар не оған бата алмады, не әйелге қол көтеруді өздеріне ар санады.

Е, де көмекші етістіктері қатысты тұрақты тіркесті тура толықтауыш: Жақыптың бір ұрты май, бір ұрты қан дегенді жұрт көбірек айтып кетті. Манадан бері бөстекі сөзді қойып, осыны айтпайсың ба? (Ә. Нұрпейісов).

Барыс жалғаулы тұрақты тіркесті толықтауыш. Зат есім мен зат есімнің қабыса байланысуы: Менің көріп отырғаным мынау, осы күнгі адам бар өмірлік бақастыққа, ит тартысқа құрбан қылып отыр.

Сын есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы: бірде олай, бірде бұлай тұрған, опасыз дүниеге келер күлкің. Түнде жауып, күндіз жалбыз қылана ерген қырбақ енді көк тайғаққа айналып, тайып жығылып жатқан адамдар (О.Б.). Қала берді, ана үпірлі – шүбірлі сары қарын балаларыңа керек (Ә.Н.).

Зат есім мен қимыл есім арқылы: Басқа тепсе де, жұрттың қасында жүрсең, басың ауырып, балтырың сыздағандай болса, қол ұшын беріге жарар (О.Б.).

Соңғы сыңары есімше немесе есімше мен зат есім құрамды тұрақты тіркестер: Базаралы Абайдың қиын күнде ат сауырсын бергеніне қуанып тұрып, ырза болды (М.Ә.). Ұрыс тағдыры минаның дәл мезгілінде жарылуында, әйтпегенде біздер үш есе көп, бұл бас кесерлерге төтеп беру мүмкін емес (Ж.С.).

Жатыс жалғаулық тұрақты тіркесті жанама толықтауыш сирек кездеседі. Мысалы: Ол Омбыға барған төрелердің жандарал алдында құрақ ұшатынында сөз жоқ.

Шығыс жалғаулық тұрақты тіркесті жанама толықтауыш.

Зат есім мен зат есімнің тіркесі арқылы: Итбайдың малы кедейдің көз жасынан құралған жоқ па? Ақтар өтіп саябырланған кезде, Қартқожа ел аузынан осындай сөздерді есітіп жүреді.

Сын есімнің зат есіммен тіркесіп келуі: Шауып келген Баймұханбеттің керуен бастығы жарлы мосқал адамнан білгені бұларға тиген Ағыбай тобы екен (І.Е.). Соны білген Айдар өз мұнын қоя тұрып, Жақыпты жанды жерінен ұстады.

Сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы: Еламан бір кіндіктен жалғыз, әке – шешесінен ерте айырылды, әкесімен бірге туған Есбол деген ағасы бар, бірақ бұл арадан біркүншілік жерде тұратын (Ә.Н.)

Зат есім мен қимыл есімі арқылы тіркесуі: Раушан мына қалпын қоймаса, екі аяғымызды бір етікке тығудан тайынбас. Алланың жазуынан артық іс болмайды, жолыңа мен кесір болмаспын.

Көмектес жалғаулы тұрақты тіркесті жанама толықтауыштар.

Зат есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы: Сол жолда жас өмірін құрбандыққа шалған азаматтар есеппен емес, ана мен сүйген жардың көз жасымен өлшенеді.

Сын есім мен зат есімнің тіркесіп келуі: Іште іркілген бітеу жарамен неше бір заманда Бақтығұлға сеніп келген Жарасбай жүрді (М.Ә.). Уақыт дегенің ағын сумен бірдей ғой.

Бір құлақ су. Бас арықтан, шелек аузы кіндіктен бұрын алып ағызған су.Көлденең шөп – бір құлақ суды лайлайды.

Есіл ер, қайран жұрт. Қасиетті ел – жұрт. Қымбат, ардақты асыл...деген мағынада. Сұм патша тозақ қиылып есіл елді, талай қиыршын өмірді текке қиды (К.Ә.).

Қорытындылай келе байқағанымыз, тұрақты тіркестер сөйлемде морфологиялық жағынан өзгеріске ұшырай отыра, толықтауыш қызметін атқарады.

Тұрақты тіркесті анықтауыш. Сәменнің қолындағы жіңішке қамшыны алды да, өзінің сегіз өрме бұзау тіс дырау қамшысын ұстатты (М.Ә.).

Бұзау тіс – ірі қылып өрген қамшысының бір түрі. Көзге қораш. Сырт кейпі келбетсіз деген мағынада айтылады. Көзге қораш бойым бар, теңізден терең айым бар (Д.Б.). Қара қамшы. Қара күш иесі, қаһарлы, өктем адам. Надан хазірет, Ақанның немере ағасы қара қамшы адам (Ғ.Б.). Көсе көсір. Мол, өте көп. Бір күні Тәңірберген Ебейсіннің көл – көсір дүниемен қалаға жүргелі жатқанын есітті (Ә.Н.). Жүрек жұтқан. Ешнәрседен қорқпайтын батыл, ер азамат. Осымен қатар Құнанбайдың жүрек жұтқан ерлігі, айла – тәсілі өзімен – өзі атамай – ақ, әйгіленіп жатты (М.Ә.).

Тұрақты тіркестерді пысықтауыш тұлғасына қарай қабыса және меңгеріле байланысқан пысықтауыштар деп екі үлкен топқа бөлінеді. Тұрақты тіркестер пысықтауыштың ең мол жасалуы – көсемше тұлғасы арқылы. Оның өзі екі түрлі жағдайда болады: Біріншіден, тұрақты тіркестер соңғы сыңары негізгі етістіктің көсемше тұлғада келіп, баяндауышпен қабыса байланысуы. Қара Иванның өзі көзтүрткі қылып ұстап берсін. Ақ таяғы қолында бала ұзақ түнге кірпік қақпай қой күзетіп отыр. Сұлтанғали естісе, қара аспанды суға алдырып өлсе жібермейді.

Осы сөйлемдерде көзтүрткі қылып, кірпік қақпай, қара аспанды суға алдырып – тұрақты тіркестерді көсемшелі пысықтауыштар, әрқайсысы баяндауыштармен қабыса байланысқан.

Жатыс жалғаулары тұрақты тіркесті пысықтауыш: Біз Әуезовтың көзі тірісінде солай дейтінбіз, қазір де солай дейміз. – Торайғырдың ағасын көңілі түскенде «сіз», көңілі түспегенде «сен» деп сөйлейтін әдеті. Шығыс жалғаулы тұрақты тіркесті пысықтауыш: Өтке кеште ойламаған жерден жау қорғанысына тап болып, оқ астында қалды. Қордай түгіл бұл тойға жер – жерден, тіпті ит арқасы қияннан – Бангладештен де кісілер қатысқалы жатыр. Көмектес септікте тұрақты тіркесті пысықтауыш: Аудан орталығына арба жіберіп алдырған майдангар азаматты жүрек жарды қуанышпен қарсы алып, қонаққа шақырмаған бірден – бір үй қалмап еді. Барыс септікте тұрақты тіркесті пысықтауыш: Осы уақиға үстінде жан сарайына бір кіреуке түсті.

Шерәлі ауылынан деген соң жерден жеті қоян тапқандай бәріміз өре тұрып, одан есемізді бір қайтарайық деп ойлап қалмадық па. Бірақ қас пен көздің арасында оны қайдан, қашан көргенім есіме түсе қоймады. Бірақ бұл рахаты мол сәттер үстінен құйын өткен түтілген жүндей көзді ашып – жұмғанша ғайып болды (Д. И.).

Бірінші сөйлемдегі жерден жеті қоян тапқандай фразеологизмі пысықтауыш болса, өре тұрып тұрақты сөз тіркесі баяндауыштың қызметін атқарып тұр. Екінші сөйлемдегі фразеологизм мезгіл пысықтауыш болса, үшінші сөйлемде пысықтауыш пен баяндауыш түрінде кездеседі.

Фразеологизмдерді морфологиялық және синтаксистік жағынан қарастыра келе, тұрақты сөз тіркестерінің морфологиялық өзгеріске түсетініне, яғни көптелуіне, септелуіне, тәуелденуіне, жіктелуіне, сондай – ақ жұрнақтар арқылы түрленетініне назар аударылды. Синтаксистік тұрғыдан фразеологизмдер сөйлемнің барлық мүшесі қызметін атқарады да, дара сөзбен салыстырғанда, өзінің айшықты, мәнерлілігімен көзге түседі. Талданған мысалдар көрсеткендей, тұрақты сөз тіркестері әсіресе толықтауыш және баяндауыш қызметінде көбірек кездеседі. Тұрақты тіркестердің сөйлем және сөз тіркесі аясының кеңеюінің бір жолы ретінде сөйлемде белгілі бір синтаксистік қатынаста жұмсалатыны, белгілі бір синтаксистік байланысқа – меңгеру, қиысу, қабысу, матасу – түсетіні анықталды. Тұрақты сөз тіркестерінің сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалу жолдары мен заңдылықтарын нақтыланды.

Зерттеу әдістері

Сипаттама, компоненттік, құрылымдық – семантикалық талдау әдістері. Біздің зерттеуімізде келесі мәселені қарастырдық: тұрақты сөз тіркестері морфологиялық жағынан түрленіп, сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу материалдарын қазіргі қазақ тілі курстарында және мектепте қазақ тілі сабақтарында пайдалануға болады.

Қорытынды

Фразеологизмдер сөйлемнің барлық мүшесі қызметін атқарады, морфологиялық тұлға жағынан түрленеді.

Әдебиет:

1. Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы, 2014. – 292 б.
2. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
3. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 2011. – 76 б.

УДК 371

ИСТОРИОГРАФИЯ РАЗВИТИЯ ПРОБЛЕМЫ ФОРМЫ И ЗНАЧЕНИЯ В ТРУДАХ ЛИНГВИСТОВ И МЕТОДИСТОВ

Кольева Н.С.

(PhD, кафедра информационных систем, СКГУ им. М. Козыбаева, г. Петропавловск,
Казахстан, nkoleva@mail.ru)

Бурба В.И.

(учитель русского языка и литературы, КГУ СШ №14 им. Ю.А. Гагарина, г.
Петропавловск, Казахстан)

Аңдапта

Мақалада XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейінгі орыс тіліндегі сөздер мағынасының және даму үлгісі мәселелерінің тарихнамасы берілген.

Түйінді сөздер: сөз үлгісі, сөздің лексикалық мағынасы, грамматиканы оқыту тарихы.

Аннотация

В статье представлена историография проблемы развития формы и значений слов в русском языке с XVIII в. до начала XX.

Ключевые слова: форма слова, лексическое значение слова, история преподавания грамматики.

Annotation

The article presents a historiography of the problem of the development of the form and meanings of words in the Russian language from the 18th century to the beginning of the 20 th century.

Key words: form of the word, the lexical meaning of the word, the history of teaching grammar.

Введение

Процесс учения складывается под влиянием внешних и внутренних условий. Внешние условия – это вся сумма педагогических воздействий (содержание знаний, методика обучения, влияние учителя, содержание учебника и т. п.), внутренние – запас